













Балғын қазақ—полк баласы

«Өміржанның әскер қатарына шақырылуға әлі жасы
толмайтын еді. 16-ға енді ғана шығатын. Бірақ ол әскер-
ге алынған ағасынан қалмай, өз еркімен Сталинград
майданына қатынасыпты. 1943 жылы Н. дивизиясының
штаб бастығы Муканин Өміржанды майдан даласында
ауыр жараланған ағасының басын сүйеп отырған жері-
нен кездестіреді. Содан былай ғана ол заңды түрде Қы-
зыл Армия жауынгері қатарына тіркеледі. Сол жылы
оған ефрейтор атағы беріледі, дивизия штабы бастығы-
ның ординареці болып, комендanttық взводқа тіркеледі.
Бірнеше рет майданға қатынасып, Отанына шын беріл-
ген тәртіптілігі үшін және жауынгерлер сеніп тапсырған
ағасының қаруын неміс басқыншыларына қарсы шебер
меңгере білгені үшін командование оны үкімет награда-
сына ұсынады.

Осы оқиғаны Қазақстаннан барған концерт бригада-
сының мүшелері естиді де, саяси басқарманың бастығы-
нан рұқсат алып, 80 шақырым майдан шебінде жүрген
Өміржанмен кездесу ұйымдастырады. Бұл кездесуде
армия командашысы генерал-лейтенант Романенко да
болады.

Достық кездесуде генерал-лейтенант Романенко Өмір-
жанды бауырына қысып, сүйіп тұрып: «Орта Азия ха-
лықтарының ішінде қазақтар адал, Отанына шын бері-
ліп соғысады. Егер менің армиям тек қана қазақтардан
тұратын болса, өкінбес едім. Менің осы сөзімді Қазақ-
стан үкіметі мен Қазақ Советтік Социалистік Республи-
касының барлық еңбекшілеріне жеткізуді өтінемін»

Бірмағанбетов Өміржан
1926 жылы 12 мамырда Қостанай облысы Аманкелді ауданы 1 Май колхозында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы басталғанда жасы әл 16-ға толмаған болатын. Соған қарамастан аудандық әскери комиссариатта өзін майданға алуды өтінді. Өтініші қабылданбаса да шақырылмғандармен бірге Қостанайға барып, облыстық комиссариатта өз тілегін айтады. Комиссия өтінішін қабылдап, бұған алғыс айтады. Шұбаркөл қаласында арнайы арнайы дайындықтан өткен соң, Сталинград

майданынан бірақ шығады. Соғыста барлаушы болып, «тіл» әкеледі. Смоленск, Кенинсбергте соғысады. Одер, Висла өзендерінен өтеді, Чехославакия, Польшаны азат етуге қатысып3 рет жараланады. Майдангер соғыстағы ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз, «Даңқ», «Отан соғысы» ордендерімен, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталады. Елге келген соң көп жыл Қазпочта саласында қызмет істеп, осы мекемеден 1986 жылы зейнеткерлікке шықты.

